



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2025

УДК 657.6
ББК 65.052
С23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности » = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 359 б.

ISBN 978-601-385-061-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-385-061-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

СОДЕРЖАНИЕ

Секция 1. Роль органов государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и экономической безопасности	
Базарбай А.Б. , Әбдіқадыр А.Е. Міндетті аудит объектілеріндегі аудиттің экономикаға әсері	6
Байбозин Ж.Е. Қазақстан Республикасының экологиялық аудит жүйесінің қазіргі жағдайын талдау	11
Бияшева Н.С. Совершенствование систем управления рисками в государственном аудите: проблемы и перспективы	16
Бияхмет А.А. Методологические подходы к аудиту эффективности бюджетного финансирования транспортной отрасли в казахстане	22
Жанабаева Т.М. Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігіне жүргізілген аудит нәтижелері	25
Маматаева Д. Аудит эффективности цифровизации налоговых систем в казахстане: проблемы и перспективы развития	31
Мәмшетов С.Ж. Агроөнеркәсіптік кешенге бөлінген бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділік аудиті	36
Рапилбекова А.Г. Аудит эффективности реализации государственной политики в области здравоохранения	42
Талғаров Д.Д., Саржакова Ж.Р. Ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау	50
Тохтахметова М.А. Қазақстан азаматтарының қоғамдық мемлекеттік аудитке қатысуы	57
Секция 2. Современные аспекты развития государственного аудита в повышении эффективности государственного управления	
Абдрашов А. М. Международная практика поддержки экспортеров и оценка её эффективности	63
Ахмедия А. Қазақстандағы міндетті аудиттің маңыздылығы	66
Мырзабек Г.М. Алибай А.Д. Аудиторлық тәуекелдерді бағалау	69
Алибекова А.Б. Ерсайынова М. Сембиева Л.М. Foreign experience of environmentally oriented state audit	74
Аманжан С. А. Цифрлық экономикаға көшу кезіндегі мемлекеттік аудиттің әлеуетті мәселелері	80
Анетова А.Н. Мемлекеттік органдардағы бизнес-процестердің реинжинирингі: мемлекеттік аудиттің тиімділігіне әсері	86
Әлімбек Ә.Г. Оценка государственной инвестиционной политики Республики Казахстан на соответствие стратегическим документам планирования	90
Еспаев Е.М. Вопросы развития экологического аудита	98
Жумағалиев Е.Т. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы тиімділік аудиті және инфрақұрылымды жаңғыртуға бюджет қаражатын пайдалану	102
Капан Н.М. Цифровизация государственного аудита в агропромышленном комплексе: вызовы и перспективы	104
Құсан Н.А. Государственный аудит в повышении эффективности управления государственным долгом на местном уровне: казахстанский опыт	110

Наурыз Д.А. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауды жетілдіру: шетелдік және отандық тәжірибе	117
Нурмагамбетова А.С. Сыртқы мемлекеттік аудиттің ашықтығын арттырудағы тәуекелдерді басқару жүйесінің рөлі	122
Ондасын А.Е. Цифровизация государственного аудита: современные подходы и перспективы	130
Өмірзақ.М.Е., Олжабаева.А.М. "Қазатомөнеркәсіп" ұақ "ақ қызметіндегі қателер мен жосықсыз әрекеттер: аудиторлық тәуекелдерді және бақылау шараларын талдау	140
Сакенова Г.Б. Рассмотрение международного опыта аудита эффективности реализации политики социального обеспечения в сфере продуктивной занятости Казахстана	146
Сембиев А.Н. Международный опыт развития социального аудита	152
Серікова А. Р. Энергетика саласындағы тиімділік аудиті	154
Сапархан Д.Б Қазақстан республикасының басқару жүйесіндегі мемлекеттік аудиттің рөлі	160
Сейфуллин О.Т. Развитие национальной системы сертификации государственных аудиторов как фактор повышения качества государственного аудита	168
Секция 3. Актуальные проблемы экономики в обеспечении национальной безопасности	
Анапия Н. Ж. Передача субъектов квазигосударственного сектора в конкурентную среду как инструмент снижения доли участия государства в экономике	174
Бақытжанова С. Б. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік қаржылық бақылаудың рөлі	178
Есенбек Ч.Н. Влияние уровня финансирования науки на конкуретоспособность национальной экономики	181
Жаксылык С. Е. Жилищно-накопительная система: зарубежный опыт и практика внедрения в Казахстане	188
Жасұланова А. Б. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа және мақсатсыз шығындарға қарсы күрестегі мемлекеттік аудиттің рөлі	195
Жетпісова А.Е. Бухгалтерлік есепте әділ құнды қолдану: мәселелер мен мүмкіндіктер	202
Касенова А.К. Удаленный аудит: технологические вызовы и решения	208
Комекбаев Е. Е. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі экономиканың өзекті мәселелері	212
Мишкель И. А. Влияние киберугроз на экономическую стабильность и национальную безопасность	219
Танатова А. Қазақстан экономикасындағы ішкі аудитті қамтамасыз етудің өзекті мәселелері	225
Темирбек А. Т. Оценка влияния бухгалтерских ошибок на достоверность финансовой отчетности	233
Бекболсынова А.С. Стратегия налогового администрирования Республики Казахстан в условиях турбулентности экономики	239
Секция 4. Современные тенденции развития государственного аудита, учета и финансового менеджмента в странах Европейского союза	
Бекбосынова Л.Ж. Жабдықтаушылармен есеп айырысу есебі және ішкі бақылаудың негізгі теориясы	245
Ерниязова А.Р., Қаратаева Н.О., Боган А.А Цифравизация государственного аудит в странах ЕС: Как технологии помогают проверять финансы	252

Губарь С.А. Организация аудиторской деятельности в Республике Беларусь	259
Жахметова А.К., Шахарова А.Е. Мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылаудың шетелдік тәжірибесі	264
Zhartybek D.B. From E-Salyq business to SAF-T: A Towards international Tax accounting standards	271
Каримова А.Х. Современное состояние учета расчетов с бюджетом в Казахстане	280
Оразбай М.А. Система внутреннего аудита в управлении рисками мошенничества в государственных органах	284
Оралбай А.М. Нормативно-правовое регулирование бухгалтерского учета и аудита амортизационной политики	289
Өмірзақ М.Е. Трансформация аудита под влияние искусственного интеллекта	297
Серикова М.А., Сембиева Л.М., Бектемир Х. Европейский опыт в формировании экологоориентированной модели государственного аудита	305
Башу З.Р., Буртебаева А.А., Оралова А Улучшение механизмов государственного аудита для оценки качества и управления природными ресурсами: опыт европейского союза	309
Сутбай А.К. Проблемы и перспективы реализации учетной и контрольной функций в современных экономических системах	314
Усеев С.Ж Современные подходы к аудиту и консалтингу в строительстве: анализ практик стран ЕС	320
Тасболатов А.Е. Стратегический аудит эффективности бюджетных средств в автодорожной отрасли Республики Казахстан	324
Машаева А.Ж., Жупышева А.О Стратегический аудит обеспечения водной безопасности в Республике Казахстан	337
Мухамедьярова Л.Р. Государственный аудит как инструмент контроля и повышения эффективности управления внебюджетными фондами	346
Сембиева Л.М., Саденова Г.С. Ключевые аспекты аудита в сфере спорта	355
Улыбышев Д.Н. Жайлауов Е.Б. Бектлеева Д.Е. Совершенствование методологии оценки эффективности использования национальных ресурсов	349
С.В.Биякин Учет лизинга в соответствии с IFRS 16 в казахстанской компании: опыт и практические аспекты	358
Алтынбек Т., Темірлан Т. Қонақ үй табыстылығын басқарудағы түнгі аудиттің рөлі	364
Жұман Ғ.С. Современные подходы к учету доходов в малом и среднем бизнесе	367
Шахарова А.Е. Концепция оценки влияния эффективного использования национальных ресурсов на качество жизни населения и национальную безопасность казахстана	372
Ирисбекова М.Н. Актуальные вопросы экономической безопасности региона	375

үздіксіз немесе
бөлек бағалауды
жүзеге асырады.

функцияларын
да
айқындалады.

БАРЛЫҒЫ 0,95/95% 0,95/95%

Қағидаларды іске асыру көрсеткіштерінің құрамдас сомасы 0,95 (немесе 95%) құрайды. Ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі **жоғары**. [4]

Қорытындылай келе, ішкі бақылау жүйесі ұйымның қаржылық тұрақтылығы мен заңнамалық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ететін маңызды құрал болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, COSO моделі ІБЖ бағалаудың тиімді әдісі болып саналады. «Самұрық-Қазына» АҚ мысалында ІБЖ тиімділігі 95% деңгейінде анықталды, бұл ұйымның бақылау процестерінің жоғары деңгейде екенін дәлелдейді. Жалпы, ІБЖ үздіксіз жетілдіру және халықаралық тәжірибелерді енгізу ұйымның тұрақты дамуы үшін маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР :

1. 2021 жылғы Халықаралық аудит стандарттары. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/details/605125?directIonId=8790&lang=kk>
2. Мақала “Оценка эффективности системы внутреннего контроля коммерческой организации”, интернет-ресурсы URL: https://gaap.ru/articles/Otsenka_effektivnosti_sistemy_vnutrennego_kontrolya_kommercheskoy_organizatsii/
3. “ҚазМұнайГаз” Ұлттық Компаниясы” АҚ ресми сайты, интернет-ресурсы URL: <https://www.kmg.kz/sustainable-development/corporate-governance/risk-managment/internal-control/>
4. «Самұрық-Қазына» АҚ ресми сайты. URL: <https://sk.kz>

ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКЕ ҚАТЫСУЫ

Тохтахметова.М.А

«Мемлекеттік Аудит» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы,

Қазақстан Республикасы

E-mail: tohtahmetovam@gmail.com

Научный руководитель: Шахарова А.Е кандидат экономического наук, профессор

Аңдатпа: Бұл мақалада Қазақстан Азаматтарының қоғамдық мемлекеттік аудитке қатысуының маңыздылығы қарастырылады. Қазақстан Республикасы Конституциясында халықтың мемлекеттік биліктің негізі екендігі атап көрсетілгенімен, азаматтардың мемлекеттік аудит процесіне

қатысу деңгейі төмен болып отыр. Зерттеуде мемлекеттік аудиттің құрылымы, оның түрлері және аудит объектілерінің тізімін бақылау мүмкіндіктері талданады. Сондай-ақ шетелдік тәжірибелер, атап айтқанда, Аргентина, Оңтүстік Корея және АҚШ елдеріндегі аудитке азаматтардың қатысу үлгілері қарастырылады. Осы елдің тәжірибесіне сүйене отырып, Қазақстанда мемлекеттік аудиттің ашықтығын арттыру және азаматтардың бақылау процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар беріледі.

Түйінді сөздер: мемлекеттік аудит, қоғамдық бақылау, азаматтардың қатысуы, қаржы бақылауы, мемлекеттік басқару, шетелдік тәжірибе

Аннотация: В этой статье рассматривается важность участия граждан Казахстана в общественном государственном аудите. Хотя в Конституции Республики Казахстан подчеркивается, что народ является основой государственной власти, уровень участия граждан в процессе государственного аудита остается низким. В исследовании анализируются структура государственного аудита, его виды и возможности контроля за списком объектов аудита. Также рассматриваются зарубежные практики, в частности, примеры участия граждан в аудите в Аргентине, Южной Корее и США. На основе опыта этих стран даются рекомендации по увеличению прозрачности государственного аудита в Казахстане и обеспечению активного участия граждан в процессе контроля.

Ключевые слова: государственный аудит, общественный контроль, участие граждан, финансовый контроль, государственное управление, зарубежный опыт.

Abstract: This article discusses the importance of citizen participation in public state audit in Kazakhstan. Although the Constitution of the Republic of Kazakhstan emphasizes that the people are the foundation of state power, the level of citizen involvement in the state audit process remains low. The study analyzes the structure of state audit, its types, and the possibilities for controlling the list of audit objects. Foreign practices are also examined, particularly the models of citizen participation in audits in Argentina, South Korea, and the United States. Based on the experiences of these countries, recommendations are made to enhance the transparency of state audit in Kazakhstan and ensure active citizen participation in the monitoring process.

Keywords: state audit, public control, citizen participation, financial control, public administration, foreign experience.

Қазақстан Республикасы өзінің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығуын Конституцияның I-бөлім, 1-бабында нақты көрсетеді. Бұл Ата Заңымыздағы негізгі ұстанымдардың бірі — адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Адамның құқықтары мен бостандықтары ешқандай шектеусіз және бұзылмай жүзеге асатыны Конституцияда ерекше атап көрсетілген. Бұл — азаматтардың өз пікірін білдіру, жеке өмірін қорғау, еңбек ету, білім алу сынды негізгі құқықтарын жүзеге асыру үшін берілген заңды негіз болып табылады. Сонымен қатар, Конституцияның 3-бабы, 1-тармағында: «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық» деп

жазылған. Бұл сөздер халықтың еркі мен қалауы барлық мемлекеттік шешімдер мен әрекеттердің негізі екенін білдіреді. Осылайша, Қазақстанның Ата Заңы халықтың саяси құқықтарын кеңейтуді және оның ел басқаруына араласу мүмкіндігін қамтамасыз етуді көздейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтардың қоғамдық және саяси процестерге белсенді қатысуына мүмкіндік береді, бірақ бұл мүмкіндіктің қаншалықты жүзеге асатыны маңызды мәселе. Мәселен, мемлекеттік аудит пен қаржы бақылау саласында азаматтардың қатысуы мен олардың осы процестерден хабардар болу деңгейі — еліміздің демократиялық басқару жүйесінің тиімділігін көрсететін бір көрсеткіш. Алайда, мемлекеттік аудитке азаматтардың қатысу деңгейі мен оларды осы үдерістер жайында хабардар ету мәселелері талқылауды қажет етеді. Мұның себебі, көптеген азаматтар мемлекеттік аудиттің қалай жүзеге асатынын, оған қалай қатысуға болатынын, сондай-ақ олардың қоғамдық бақылауға қатысты қандай құқықтары бар екенін толық білмейді. Бұл жағдай мемлекетке деген сенімнің төмендеуіне және азаматтардың өз құқықтарын толық пайдалануына кедергі болуда.

Қазіргі таңда мемлекеттік аудит субъектісіне қарай ішкі аудит және сыртқы аудит болып бөлінеді. Әрқайсысының өз мақсаттары, міндеттері және ерекшеліктері бар. Сыртқы аудит халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталса, ішкі аудит мемлекеттік қызметтер мен ресурстардың тиімді пайдалануын қамтамасыз ету үшін жұмыс істейді. Ішкі және сыртқы аудитті жүзеге асыратын процестер аудит объектілері болып табылады. Аудит объектілеріне – мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай ақ бюджет қаражатын алушылар аталады. Бұл объектілер аудиттің негізгі нысандары ретінде қарастырылады. Қазақстанда барлық аудит объектілерін бір уақытта тексеру мүмкіндігі болмағандықтан, тиімді бақылау үшін жыл сайынғы аудит жоспары құрылады. Бұл жоспар арқылы қандай объектілердің аудитке алынатыны алдын ала анықталады және аудит объектісінің тізбесі құрылады. Аудит объектілерінің тізбесі жыл сайынғы негізде қайта қаралады және ұйым қызметіндегі өзгерістерді ескере отырып түзетілуі мүмкін. Қазақстан азаматтары үшін аудит объектілерінің тізімін бақылау мүмкіндігі өте қарапайым. Өйткені, жыл сайынғы тізімдер мен құжаттар e.gov платформасында жарияланады. Бұл сайтта Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің ресми сайтына кіріп, «Құжаттар» бөліміне өту арқылы аудит объектілері туралы қажетті ақпаратты табуға болады. Осылайша, әрбір азамат аудит объектілерінің тізімін қарап, мемлекеттік органдардың жұмысына бақылау жасау мүмкіндігіне ие болады. Алайда, бұл жерде маңызды бір мәселе бар. Қазақстан азаматтары тек бақылау жасау құқығына ие, бірақ олар тізімге ұсыныс беру немесе түзетулер енгізу мүмкіндігіне ие емес. Сонымен қатар, олар тексерілуге тиіс басқа да объектілерді тізімге қосуға құқылы емес. Мұндай шектеулер мемлекеттің аудит жүйесінің ашықтығын және азаматтардың қатысуын қолдау бағытындағы нақты шаралар жоқ екенін көрсетеді. Азаматтар тек мемлекеттік органдардың жұмысын бақылап, оның тиімділігін бағалай алады, бірақ олар тізімнің құрамын өзгертуге ықпал етуі қарастырылмаған. Қазірге таңда, халықаралық тәжірибеде

мемлекеттік аудит пен қаржы бақылау саласында азаматтардың белсенді қатысуы кеңінен қолданылады. Мысалға, Эквадор, Гватемала және Колумбияда аудитті жоспарлау кезінде аудиттің объектісі болуы тиіс ұйымдарды анықтай алады (Рамкумар 2007, 9). Консультативтік топтар да осы кезеңде көмек көрсете алады, бұл АҚШ-тың Үкіметтік есептілік кеңсесінде жүзеге асырылады. Филиппин мемлекеттінің азаматтары нақты аудит процесіне қарастыруға қатысатын сирек мемлекеттің бірі. Сондай-ақ, аудит ұсыныстарының орындалуын мониторингтеу бойынша азаматтарды қатыстырудың мысалы ретінде Аргентинадағы азаматтық қоғам ұйымдарының жұмысы да бар (Рамкумар, 2007, 9 бет). Азаматтардың аудит ұсыныстарын Аргентинада, Бас аудитор Кеңсесі (Office of the Auditor General) арқылы азаматтардың жылдық аудит жоспарына тікелей қатысуын қамтамасыз етеді. Бас Аудитор Кеңсесі 15 жылдан астам уақыт бойы жүзеге асырылып келеді және азаматтардың ұсыныстарын жинақтау арқылы жүзеге асады. Азаматтар өз ұсыныстарын мемлекетке, мемлекеттік мекемелер мен бағдарламаларға тарапына қатысты білдіре алады, олар кейінгі жылға арналған аудит жоспарына енгізілуі де мүмкін. Олардың мақсаты – азаматтық қоғам ұйымдарының тәжірибесіне негізделген ұсыныстар арқылы жылдық аудит жоспарын жақсарту. Аргентинадағы бұл механизм 2014 жылғы №98 ережесі арқылы институционализацияланған, ол ішкі процестерді анықтап, тұрақты негізде жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Қысқаша айтқанда, бұл механизм міндетті емес консультацияларды қамтиды, ол азаматтардың виртуалды арналар арқылы (форма толтырып, оны Office of the Auditor General -ға электронды поштаға жіберу) арқылы қатысуын жеңілдетеді. Сонымен қатар, бұл жүйе есеп берушілікті арттырып, азаматтарға өз өтініштерінің қалай қаралғаны және аудит жоспарына енгізілгені (немесе енгізілмегені) туралы ресми жауап береді (Nicolas Dassen, Renzo Lavin, 2024, 24 бет).

Оңтүстік Корея Республикасының Аудит және тексеру кеңесі азаматтар мен азаматтық қоғам ұйымдарының пікірлерін ескере отырып, аудит процесін жақсарту мақсатында онлайн платформа арқылы аудит сұраулары мен шағымдарын қабылдайды. Платформа пайдаланушыларға өздерінің өтінімдерінің статусын және олардың барысы мен нәтижелері туралы хабарламалар алуға мүмкіндік береді. Осы арқылы процестің айқындығы мен тиімділігін арттырады. Өтінімдер төрт қарапайым қадаммен беріліп, жүйе автоматты түрде өтінім коды береді. Содан кейін өтінімдер тексеріліп, олардың аудит жүргізуге болатын ақпаратты қамтитыны анықталған жағдайда, тиісті аудит бөліміне беріледі. Өтінімдер сондай-ақ цифрлық емес арналар арқылы, мысалы, почта қызметі, жеке келулер немесе телефон қоңыраулары арқылы қабылдануы мүмкін және жүйеде тіркеліп, бақылауға алынады. Жыл сайын келіп түсетін 150-180 азаматтық сұраудан 20-30 аудит жүргізіледі, бұл мемлекеттік есептілікке қатысу мен айқындылықты арттыруға үлес қосады. (Nicolas Dassen, Renzo Lavin, 2024, 24-25 бет).

Қазақстан үшін де осындай тәжірибелерді қарастыру керек, себебі мемлекеттік аудит пен қаржы бақылау саласында азаматтардың рөлін күшейту қажет. Егер халыққа аудит объектілерінің тізімін кеңейту немесе жаңарту

бойынша ұсыныстар білдіруге мүмкіндік берілсе, бұл мемлекеттік органдардың жұмысының ашықтығын арттырып, қоғамның бақылау тетіктерін нығайтар еді.

Қазақстандағы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жоғарғы органы – Жоғары аудиторлық палата. Ол Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынады және есеп береді. Палата сыртқы мемлекеттік аудитті жүзеге асырып, бюджеттің тиімді және мақсатты жұмсалуды бақылаумен айналысады. Қазақстанда мемлекеттік аудит жүйесі орталық және өңірлік деңгейлерде қызмет етеді. Өңірлік деңгейде облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және Астанада арнайы тексеру комиссиялары жұмыс істейді. Олар жергілікті бюджеттің игерілуін бақылап, қаржылық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, мемлекеттік мекемелердің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру мақсатында ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган мен ішкі аудит қызметтері жұмыс істейді. Жоғары аудиторлық палата және тексеру комиссиялары сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың уәкілетті органдары болып табылады. Олар мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру кезеңінде – Қазақстан Республикасы Президентінің және оның әкімшілігінің тапсырмалары, құқық қорғау органдарының ұсыныстары, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, тексеру комиссияларының, жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының «Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидалары» туралы заңында азаматтардың аудит объектілерінің тізімін қалыптастыруға қатысу туралы қарастырылған. Яғни, заңда 2 тарау, 1 параграфта көрсетілген жеке және заңды тұлға дегеніміз ол Қазақстан Азаматтарының мемлекеттік аудит объектілерін анықтау кезеңінде қатысуға құқылы екендігі айрықша көрсетілген. Алайда, Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудит жүйесі азаматтармен диалог құру және атқарылған жұмыстар туралы есеп беру тәжірибесін қолданады. Бұл әдіс арқылы мемлекеттік аудит органдары өз қызметінің нәтижелерін қоғамға жеткізіп, есеп береді. Бұл дегеніміз – постфактум сипатында болғандықтан, яғни аудит аяқталғаннан кейін ғана ақпарат ұсынылатындықтан, азаматтардың мемлекеттік аудитке белсенді қатысуына толық мүмкіндік бермейді. Халықаралық тәжірибеде мемлекеттік аудитке азаматтардың қатысуы тек есеп беру кезеңімен шектелмейді. Керісінше, азаматтар аудит процесіне жоспарлау кезеңінен бастап қатыса алады. Қазақстан заңнамасында азаматтарға мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру құқығы берілгенімен, іс жүзінде олар тек аудит нәтижелеріне баға беру және аудит туралы ақпарат алу мүмкіндігіне ие.

Қазақстанда мемлекеттік аудит жүйесінің тиімділігін арттыру үшін халықаралық тәжірибені ескере отырып, қоғамдық тыңдаулар мен онлайн платформалар арқылы азаматтардың ұсыныстарын қабылдау жүйесін дамыту қажет. Қазақстан азаматтарына аудит объектілерінің тізімін кеңейту немесе жаңарту бойынша ұсыныстар білдіруге мүмкіндік берілсе, бұл мемлекеттік органдардың жұмысының ашықтығын арттырып, қоғамның бақылау тетіктерін нығайтар еді.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. *Vivek Ramkumar. Expanding Collaboration Between Public Audit Institutions and Civil Society. – M., 2007.- P. 9.*
2. *Nicolas Dassen., Renzo Lavin. Citizen Participation in Government Audits through Digital Tools. – M., 2024. – P.24-25.*